6.2-нысан «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-нің Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережелеріне «Қызметтерді сатып алуға арналған техникалық сипаттізім»

**«Сертификаттау аудиті»**
**қызметтерін сатып алуға техникалық сипаттізім**
**(Стандарт: ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018)**

**1 Сатып алынатын қызметтердің мәні**
ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:20280, ISO 45001:25010 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне «Азиялық Газқұбыры» ЖШС бұдан әрі – "Серіктестік" БМЖ қайта сертификаттау аудиті бұдан әрі – "Сертификаттау аудиті" белгіленген мерзімде, Серіктестік басшылығының және Атқарушының (сертификаттау органының өкілі) қатысуымен жиналыстар/конференциялар, Серіктестік қызметкерлерінің сұхбаттарын ұйымдастыру, құжаттаманы зерделеу және жүйенің жұмыс процесін бақылау және аудит бойынша басқа да ағымдағы мәселелер арқылы орындалуға тиіс.

**2 Сатып алынатын қызметтердің негіздемесі**
Серіктестіктің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 Стандарттары бойынша «Сертификаттау аудиті» қызметтері ISO17021 - "Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар", ISO19011 - "Менеджмент жүйелерінің аудиті жөніндегі басшылық нұсқаулар" халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

**3 Сатып алынатын қызметтер көлемі**

*№ 1 кесте Қызметтер тізбесі*

| № р/с | Сатып алынатын қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары | Өлш. бірл. | Саны |
|---|---|---|---|
| *1* | *2* | *3* | *4* |
| 1 | *1. Сертификаттау органы өкілінің қатысуымен танысу және кіріспе кеңестер/кездесулер ұйымдастыру, Аудит жүргізу бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу және келісу.*<br>*2. Серіктестікте ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тәуелсіз сертификаттау аудитін жүргізу және келесі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес есеп түрінде аудит нәтижелерін ұсыну:*<br>*ISO17021 - Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар.*<br>*ISO19011 - Менеджмент жүйелерінің аудиті жөніндегі басшылық нұсқаулар.*<br>*3. Өткізілген аудит қорытындылары бойынша Серіктестіктің қызметкерлерімен жұмыс кеңестерін өткізу, қызметкерлермен (Орталық аппараттың және өндірістік объектілердің) қорытынды есеп нәтижелерін талқылау.*<br>*• Аудит жүргізу туралы есеп. Сәйкессіздіктер/ауытқулар туралы актілер/хаттамалар (бар болса).*<br>*4. Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес орыс, ағылшын, қазақ, қытай тілдерінде БМЖ сәйкестік* | Қызмет | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *сертификатын беру.*<br>**Қызметтер көрсету кезінде Атқарушыға қойылатын талаптар**<br>*5. Атқарушының және оның қызметкерлерінің қажетті біліктілік аттестаттары болуы тиіс:*<br>*1) сапа менеджменті жүйесі бойынша*<br>*2) денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі бойынша*<br>*3) экологиялық менеджмент жүйесі бойынша*<br>*4) энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша,*<br>*сертификаттау жөніндегі халықаралық орган растаған және аудиторлардың (мамандардың, сарапшы-аудиторлардың) куәліктері бар*<br>*5) аудиторларға сертификаттарды ұсына отырып, кемінде 5 сертификатталған аудитордың болуы.*<br>*6) мынадай жүйелерден кемінде екі жүйе бойынша IRCA сертификатталған аудиторларының халықаралық тіркелімінде тіркелген 1 (бір) аудитордың болуы: сапа менеджменті жүйесі, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі, экологиялық менеджмент жүйесі, энергетикалық менеджмент жүйесі. IRCA-ға аудиторды тіркеу туралы құжатты ұсыну.*<br>**Атқарушының қызметтер көрсету кезіндегі міндеттері**<br>*6. Атқарушы аудит бойынша есептерге, сондай-ақ көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қойылған күннен бастап орындалған қызметтердің сапасына сапа кепілдігін беруге міндетті.*<br>*7. Қызметтердің құны сатып алынатын қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстардың құнын, сондай-ақ Атқарушының қажетті материалдарды тасымалдауға, кедендік баждарды және басқа да салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған шығыстарын және басқа да шығыстарды қамтуға тиіс.* | | |

**4 Атқарушы қызмет көрсету үшін пайдаланатын материалдардың тізбесі**

№ 2 кесте. Материалдардың тізбес

| № р/с | Материалдардың (жабдықтардың, қосалқы бөлшектердің және т. б.) атауы | Өлш.бірл. | Саны |
|---|---|---|---|
| - | - | - | - |

**5 Қызметтерді тапсыру орны**

«Сертификаттау аудиті» бойынша қызметтер Тапсырыс берушіге мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: Алматы қ., Абай даңғылы, 109 В, «Глобус» КФК ғимараты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, Ішкі бақылау департаменті.

**6 Қызмет көрсету мерзімі**

2026 жылғы «31» желтоқсаннан кешіктірмей.

**ІБД директоры** **Балтабаев Ә.М**

**ІБД директорының орынбасары** **Батаева АБ**

**ИСО секторының басшысы** **Каниева Г.С.**